

Нұр-Сұлтан қаласының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 112-2072 қаулысы.
Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 қазанда № 1294 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 20-4-тармағына, 45-бабы 2-тармағына сәйкес , Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Нұр-Сұлтан қаласының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайын ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Астана қаласының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ Астана қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қаңтардағы № 112-10 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 19 қаңтарда № 1154 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 25 қаңтарда электрондық түрде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

5. Осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Кулыгинов

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 5 қазаны
№ 112-2072 қаулысына
қосымша

Нұр-Сұлтан қаласының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтық төлемдерінің мөлшері

Р/с №	Спорттық іс-шараның атауы	Жұлделі орын	Жабдықтық мөлшері (АЕК)
1	2	3	4
1.	Олимпиада және Паралимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-і орын	250 дейін
		2-і орын	200 дейін
		3-і орын	150 дейін
		4-і орын	90 дейін
		5-і орын	70 дейін
		6-і орын	60 дейін
1	2	3	4

2.	Олимпиада ойындарында үміткер спортшылар (Қазақстан Республикасының ұлттық штаттық командасына енген)	Олимпиада ойындарына қатысу үшін лицензия	80 дейін
3.	Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-і орын	100 дейін
		2-і орын	80 дейін
		3-і орын	70 дейін
		4-і орын	50 дейін
		5-і орын	40 дейін
		6-і орын	30 дейін
4.	Жасөспірімдер Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-і орын	100 дейін
		2-і орын	90 дейін
		3-і орын	80 дейін
5.	Жабық ғимараттардағы Азия ойындарын қоспағанда Азия, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-і орын	120 дейін
		2-і орын	110 дейін
		3-і орын	100 дейін
1	2	3	4
6.	Азия жастары ойындары (жазғы, қысқы)	1-і орын	80 дейін
		2-і орын	70 дейін
		3-і орын	60 дейін
7.	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық түрлері бойынша Әлем чемпионаты (жазғы, қысқы)	1-і орын	100 дейін
		2-і орын	90 дейін
		3-і орын	80 дейін
8.	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық түрлері бойынша Азия чемпионаты, Дүниежүзілік Универсиада (жазғы, қысқы)	1-і орын	80 дейін
		2-і орын	70 дейін
		3-і орын	60 дейін
9.	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жастар мен юниорлар арасындағы Әлем чемпионаты	1-і орын	60 дейін
		2-і орын	50 дейін
		3-і орын	40 дейін
10	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жастар мен юниорлар арасындағы Азия чемпионаты, Азия балалары, жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Әлем чемпионаты	1-і орын	40 дейін
		2-і орын	35 дейін
		3-і орын	30 дейін
1	2	3	4
11	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Азия чемпионаты	1-і орын	35 дейін
		2-і орын	30 дейін
		3-і орын	25 дейін
12	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты мен Қазақстан Республикасының Спартакиадасы (жазғы, қысқы)	1-і орын	60 дейін
		2-і орын	50 дейін
		3-і орын	40 дейін
13	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жастар мен юниорлар арасындағы Жастар ойындары мен Қазақстан Республикасының чемпионаты	1-і орын	35 дейін
		2-і орын	30 дейін
		3-і орын	25 дейін

14	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	1-і орын	15 дейін
15	Қазақстан Республикасының Паралимпиялық ойындары, тірек-қимыл аппараты, естуі мен көруі зақымдалған мүгедек-спортшылар ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты	1-і орын	40 дейін
		2-і орын	20 дейін
		3-і орын	15 дейін
1	2	3	4
16	Ұлттық спорт түрлері бойынша ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты, Олимпиадалық емес спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының спартакиадасы (жазғы, қысқы)	1-і орын	40 дейін
		2-і орын	35 дейін
		3-і орын	30 дейін
17	Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ересектер арасында Азия чемпионаты	1-і орын	45 дейін
		2-і орын	40 дейін
		3-і орын	35 дейін
18	Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ересектер арасында Әлем чемпионаты	1-і орын	50 дейін
		2-і орын	45 дейін
		3-і орын	40 дейін
19	Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша жастар мен юниорлар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты	1-і орын	35 дейін

Олимпиадалық спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының құрама командаларына кіретін Нұр-Сұлтан қаласының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалары) спортшыларының жаттықтырушыларына ай сайынғы ақшалай жабдықтырым төлемдерінің мөлшері

Р/с №	Спорттық іс-шараның атауы	Жұлделі орын	Жабдықтырым мөлшері (АЕК)
1	2	3	4
1.	Ересектер арасындағы Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-і орын	60 дейін
		2-і орын	50 дейін
		3-і орын	40 дейін
2.	Жасөспірімдер Олимпиада ойындары	1-і орын	50 дейін
		2-і орын	40 дейін
		3-і орын	30 дейін
3.	Ересектер арасындағы Әлем чемпионаты, Азия ойындары	1-і орын	40 дейін
		2-і орын	35 дейін
		3-і орын	30 дейін
4.	Ересектер арасындағы Дүниежүзілік универсиада, Азия чемпионаты	1-і орын	30 дейін
		2-і орын	25 дейін
		3-і орын	20 дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК